## 2008 жылғы 1 ақпандағы банк секторының ағымдағы жағдайы[1]

Қазақстанда 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 35 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 34 банк, банктердің 34 филиалы және 384 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

| Банк секторының құрылымы | 01.01.08 | 01.02.08 |
|---|---|---|
| Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде: | 35 | 35 |
| - жарғылық капиталда[2] мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер[2] | 1 | 1 |
| Екінші деңгейдегі банктер филиалдарының саны | 352 | 354 |
| Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны | 2029 | 2 070 |
| Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны | 17 | 17 |
| Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны | 26 | 26 |
| Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны | 33 | 34 |
| Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны | 10 | 10 |

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық меншікті есеп айырысу капиталының мөлшері 2008 жылдың басынан бастап 9,1 млрд. теңгеге (0,5%)) ұлғайды және 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 1 789,3. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 15,5%-ға 1 483,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 34,1%-ға немесе 368,5 млрд. теңгеге дейін азайды.

*млрд. теңге*

| Атауы | 01.01.08 | 01.02.08 | Өсімі % -бен |
|---|---|---|---|
| 1-деңгейдегі капитал | 1 284,0 | 1 483,3 | 15,5 |
| Жарғылық капитал | 940,2 | 940,4 | 0,02 |
| Қосымша капитал | 3,8 | 3,8 | 0 |
| 2-деңгейдегі капитал | 558,9 | 368,5 | -34,1 |
| Реттелген борыш | 460,9 | 462,4 | 0,3 |
| 3-деңгейдегі капитал | 1,7 | 1,85 | 8,8 |
| Барлығы есептелген меншікті капитал | 1 780,2 | 1 789,3 | 0,5 |

2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 - 0,12 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 - 0,14 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

| Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері | 01.01.08 | 01.02.08 |
|---|---|---|
| Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1) | 0,11 | 0,12 |
| Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2) | 0,14 | 0,14 |
| Есептелген меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы | 0,20 | 0,20 |
| Есептелген меншікті капиталдың несие портфелі бойынша құрылған провизияларға қатынасы | 3,41 | 3,25 |
| Есептелген меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы | 0,34 | 0,36 |
| Есептелген меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы | 13,55 | 11,05 |

Сонымен қатар жылдың басынан екінші деңгейдегі банктердің балансы бойынша меншікті капитал 2008 жылғы 1 қаңтарынан бастап 9 млрд. теңгеге (0,6%) ұлғайып, есепті күнге 1 434,1 млрд. теңгені құрады.

**Активтер.** 2008 жылғы 1 қаңтарынан бастап банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 4,2 млрд. теңгеге (0,04%-ға) азайды және есепті күнге 11 680,4 млрд. теңге болды.

*млрд. теңге*

| Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.08 | | 01.02.08 | | Өсімі % -бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | % -бен жиынтығына | млрд. теңге | % -бен жиынтығына | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар | 1 013,10 | 8,7 | 1 101,9 | 9,4 | 8,8 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 642,5 | 5,5 | 622,7 | 5,3 | -3,1 |
| Бағалы қағаздар | 787,8 | 6,7 | 720,5 | 6,2 | -8,5 |
| Банк заемдары және «кері РЕПО» операциялары | 8 868,3 | 75,9 | 8 838,7 | 75,7 | -0,3 |
| Капиталға инвестициялар | 222,5 | 1,9 | 222,5 | 1,9 | 0 |
| Басқа активтер | 150,40 | 1,3 | 174,1 | 1,5 | 15,8 |
| Барлығы активтер | **11 684,6** | **100** | **11 680,4** | **100** | **-0,04** |

Банктер активтерінің құрылымында банк заемдары мен «кері РЕПО» операциялары (75,7%), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (9,4%), бағалы қағаздар портфелі (6,2%), басқа банктерге орналастырылған салымдар (5,3%) үлкен үлес алады. Банк заемдары мен «кері РЕПО» операциялары 29,6 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға азайған, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар 88,8 млрд. теңгеге немесе 8,8%- ға өскен, бағалы қағаздар 67,3 млрд. теңгеге немесе 8,5%-ға кеміген, басқа банктерде орналастырылған салымдар 19,8 млрд. теңгеге или 3,1%-ға кеміген, капиталға инвестициялар өзгермеген және 2008 жылғы 1 ақпанда 222,5 млрд. теңгені құрады.

Жыл басынан баланс[4] бойынша мерзімі өткен берешек 100,5 млрд. теңгеден 30,2 млрд. теңгеге (на 30,0%) өсті және есепті күні 130,7 млрд. теңгені құрады.

Жыл басынан мерзімі өткен сыйақыларды көрсететін шоттардағы қалдықтар 37,4% -ға ұлғайып 2008 жылғы 1 ақпанда 23,9 млрд теңгені құрады.







Жыл басынан жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелердің мөлшері 34,8 млрд. теңгеге (0,3%-ға) 13 342,9 млрд. теңгеге дейін азайған.

Стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 59,0%-ын құрады, күмәнділер – 41,6%- дан 39,7-ға дейін кеміген, үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер үлесі 1,3 % болды.

*млрд. теңге*

| Активтер мен шартты міндеттемелер сапасының динамикасы | 01.01.08 | | 01.02.08 | |
|---|---|---|---|---|
| | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына % -бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына % -бен |
| **Барлығы активтер мен шартты міндеттемелер** | **13 377,7** | **100** | **13 342,9** | **100** |
| **Стандартты** | **7 677,7** | **57,4** | **7 879,8** | **59,0** |
| **Күмәнді** | **5 559,9** | **41,6** | **5 291,2** | **39,7** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 санаттағы күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 4 266,8 | 31,9 | 3 851,1 | 28,9 |
| 2 санаттағы күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 578,1 | 4,3 | 759,4 | 5,7 |
| 3 санаттағы күмәнді –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 543,2 | 4,1 | 430,2 | 3,2 |
| 4 санаттағы күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 63,1 | 0,5 | 115,2 | 0,9 |
| 5 санаттағы күмәнді | 108,7 | 0,8 | 135,3 | 1,0 |
| **Үмітсіздер** | **140,1** | **1,0** | **171,9** | **1,3** |

Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 39,7%-дан 41,7%-ға дейін өсті, күмәнді кредиттердің үлесі 58,8%-дан 56,5%-ға дейін кеміген, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 1,5%-дан 1,8%-ға дейін өскен.

*млрд. теңге*

| Несиелік портфель сапасының динамикасы | 01.01.08 | | 01.02.08 | |
|---|---|---|---|---|
| | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына % -бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына % -бен |
| **Барлығы несиелік портфель** | **8 868,3** | **100** | **8 838,7** | **100** |
| **Стандартты** | **3 518,2** | **39,7** | **3 685,4** | **41,7** |
| **Күмәнді** | **5 218,7** | **58,8** | **4 991,3** | **56,5** |
| 1- санаттағы күмәнді –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 3 950,4 | 44,5 | 3 585,5 | 40,6 |
| 2- санаттағы күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 572,2 | 6,5 | 752,7 | 8,5 |
| 3- санаттағы күмәнді –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 533,4 | 6,0 | 421,5 | 4,8 |
| 4- санаттағы күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 57,9 | 0,6 | 99,7 | 1,1 |
| 5 санаттағы күмәнді | 104,8 | 1,2 | 131,9 | 1,5 |
| **Үмітсіздер** | **131,4** | **1,5** | **162,0** | **1,8** |




**Міндеттемелер.** 2008 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 13,3 млрд. теңгеге (0,1%-ға) азайды және есепті кезеңнің соңына 10 246,2 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымында арнайы тағайындалған еншілес ұйымдары салымдарының көлемі 5,1 млрд. теңге немесе 0,2%, %-ға өскен, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер - 7,9 млрд. теңге немесе 0,5%-ға өскен, басқа банктерден

және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар - 5,2 млрд. теңгеге 1 793,0 млрд. теңгеге дейін төмендеген.

*млрд. теңге*

| **Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы** | **01.01.08** | | **01.02.08** | | **Өсімі в %-бен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **млрд. теңге** | **% -бен жиынтығына** | **млрд. теңге** | **% -бен жиынтығына** | |
| Банкаралық салымдар | 319,9 | 3,1 | 311,9 | 3,0 | -2,5 |
| Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар | 1 798,20 | 17,5 | 1 793,0 | 17,5 | -0,3 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар | 7,7 | 0,1 | 7,7 | 0,1 | 0 |
| Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар | 85,1 | 0,8 | 92,6 | 0,9 | 8,8 |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 2 447,1 | 23,9 | 2 457,7 | 24,0 | 0,4 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 1 447,9 | 14,1 | 1 455,8 | 14,2 | 0,5 |
| Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары | 2 529,0 | 24,7 | 2 534,1 | 24,7 | 0,2 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 467,6 | 4,6 | 469,6 | 4,6 | 0,4 |
| Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары | 245,4 | 2,4 | 191,2 | 1,9 | -22,1 |
| Басқа міндеттемелер | 911,60 | 8,8 | 932,6 | 9,1 | 2,3 |
| Барлығы міндеттемелер | **10 259,50** | **100** | **10 246,2** | **100** | **-0,1** |







2008 жылдың басынан бастап заңды және жеке тұлғалардың салымдары 23,6 млрд. теңгеге немесе 0,4%-ға өсіп 2008 жылғы 1 ақпанда 6 447,6 млрд. теңге болды.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың салымдары 0,5%-ға немесе 7,9 млрд. теңгеге ұлғайды.

*млрд. теңге*

| **Клиенттердің салымдары** | **01.01.08ж.** | | **01.02.08ж.** | | **Өсімі %-бен** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **барлығы** | **оның ішінде шет. валютасында** | **барлығы** | **оның ішінде шет. валютасында** | **барлығы** | **оның ішінде шет. валютасында** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Салымдардың барлығы оның ішінде:** | **6 424,0** | **3 807,8** | **6 447,6** | **3 910,8** | **0,4** | **2,7** |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 2 447,1 | 786,1 | 2 457,7 | 861,1 | 0,4 | 9,5 |
| Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары | 2 529,0 | 2 476,9 | 2 534,1 | 2 482,0 | 0,2 | 0,2 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 1 447,9 | 544,7 | 1 455,8 | 567,7 | 0,5 | 4,2 |

Заңды тұлғалардың салымдары 0,4 % -ға немесе 10,6 млрд. теңгеге ұлғайды.

Арнайы бағытталған еншілес ұйымдардың салымдары 0,2%-ға немесе 5,0 млрд. теңгеге өскен.

**ҚР резиденті еместеріне талаптар.** Ағымдағы жылдың басынан резидент еместерге қойылатын талаптар мөлшері 4,4 млрд. теңгеге (0,2%) азайып, есепті күнге 2 698,7 млрд. теңгені құрады. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасындағы резидент еместерге талаптар үлесі 23,1% құрайды. Резидент еместерге талаптар құрылымындағы негізгі үлесі банк заемдары мен «кері РЕПО» операцияларына - 51,9% немесе 1 401,6 млрд. теңге келеді, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 18,4% немесе 495,6 млрд. теңге келеді.

*млрд. теңге*

| Банк секторының ҚР резиденті еместеріне жиынтық талаптарының динамикасы және құрылымы | 01.01.2008 | | 01.02.2008 | | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | % -бен жиынтығына | млрд. теңге | % -бен жиынтығына | |
| Қолма қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар | 330,5 | 12,2 | 324,0 | 12,0 | -2,0 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 492,2 | 18,2 | 495,6 | 18,4 | 0,7 |
| Бағалы қағаздар | 321,6 | 11,9 | 292,3 | 10,8 | -9,1 |
| Банк заемдары және «кері РЕПО» операциялары | 1 413,6 | 52,3 | 1 401,6 | 51,9 | -0,8 |
| Капиталға инвестициялар | 60,1 | 2,2 | 60,9 | 2,3 | 1,3 |
| Басқа активтер | 85,1 | 3,2 | 124,3 | 4,6 | 46,0 |
| ҚР резидент еместері алдындағы талаптардың барлығы | **2 703,1** | **100** | **2 698,7** | **100** | **-0,2** |

**ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер.** 2008 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктердің резидент еместері алдындағы міндеттемелердің жалпы сомасы 13,9 млрд. теңгеге (0,3%-ға) ұлғайып, есепті кезеңнің аяғында 5 477,7 млрд. теңгені құрады. Екінші деңгейдегі банктердің міндеттемелерінің жалпы сомасының ішінде резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі жылдағымен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа өсіп, 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 53,5% құрады.

*млрд. теңге*

| Банк секторының ҚР резиденті еместері алдындағы жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.2008 | | 01.02.2008 | | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | % -бен жиынтығына | млрд. теңге | % -бен жиынтығына | |
| Банкаралық депозиттер | 154,6 | 2,8 | 151,4 | 2,8 | -2,1 |
| Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар | 1 709,00 | 31,3 | 1 722,1 | 31,4 | 0,8 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Халықаралық қаржы ұйымдарынан алған заемдар | 85,1 | 1,6 | 92,6 | 1,7 | 8,8 |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 154,7 | 2,8 | 153,2 | 2,8 | -1,0 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 29,2 | 0,5 | 36,0 | 0,7 | 23,3 |
| Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары | 2 529,0 | 46,3 | 2 534,1 | 46,3 | 0,2 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 316,1 | 5,8 | 317,1 | 5,8 | 0,3 |
| Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары | 121,8 | 2,2 | 108,3 | 1,9 | -11,1 |
| Басқа міндеттемелер | 364,3 | 6,7 | 362,9 | 6,6 | -0,4 |
| **ҚР резидент еместері алдындағы барлық міндеттемелер** | **5 463,8** | **100** | **5 477,7** | **100** | **0,3** |

**Өтімділік.** Ағымдағы жылдың 1 ақпандағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі аса жоғары деңгейде сақталды. 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезінде 1,61 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезінде – 1,02 болды.

**Банк секторының өтімділік деңгейінің динамикасы**




**Кірістілік.** 2008 жылғы 1 ақпанда екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 7,1 млрд. теңге мөлшерінде (2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша – 13,9 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 211,8 млрд. теңге болды (2007 жылғы 1 ақпанда – 112,3 млрд. теңге), шығыстар – 204,7 млрд. теңге (2007 жылғы 1 ақпанда – 98,4 млрд. теңге) болды.

*млрд. теңге*

| Банк секторының кірістілігі | 01.02.07 | 01.02.08 | Өзгеруі (+;-), %-бен |
|---|---|---|---|
| Сыйақы алуға байланысты кірістер | 79,1 | 118,6 | 49,9 |
| Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар | 45,0 | 64,1 | 42,4 |
| **Сыйақы алуға байланысты таза кіріс** | **34,1** | **54,5** | **59,8** |
| Сыйақы алуға байланысты емес кірістер | 33,1 | 93,2 | 2,8 есе |
| Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар | 47,0 | 136,3 | 2,9 есе |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)** | **-13,9** | **-43,1** | 3,1 есе |
| **Көзделмеген баптар** | **-0,2** | **-** | - |
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс | 20,0 | 11,4 | -43,0 |
| Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар | 6,1 | 4,3 | -29,5 |
| Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс | 13,9 | 7,1 | -48,9 |

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (91,3% немесе 108,3 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (65,4% немесе 41,9 млрд. теңге) сыйақы төлеумен байланысты шығыстар орын алады. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 2,47% (01.02.07ж. жағдай бойынша – 2,13%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 21,62% болды (01.02.07ж. жағдай бойынша – 21,07%).

| Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер | 01.02.07 | 01.02.08 |
|---|---|---|
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) | 2,13 | 2,47 |
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE) | 21,07 | 21,62 |
| Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы | 10,04 | 12,41 |
| Кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфеліне қатынасы | 6,57 | 1,26 |
| Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы | 29,51 | 33,36 |
| Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы | 6,11 | 7,26 |
| Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы | 2,95 | 2,46 |

**Банк секторының шоғырлануы.** 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 59,3%-дан 59,5%-ға дейін өсті, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,7% -ға дейін ұлғайды.

3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 61,6% болды. 2008 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша үш ірі банктердің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 62,4% келеді.

| Жиынтық банк секторынан үлесі | 01.01.08 | 01.02.08 |
|---|---|---|
| 3 ірі банктің активтері | 59,3 | 59,5 |
| 3 ірі банктің міндеттемелері | 59,6 | 59,7 |
| 3 ірі банктің меншікті капиталы | 57,0 | 57,6 |
| 3 ірі банктің несие портфелі | 61,4 | 61,6 |
| 3 ірі банк клиенттерінің[5] салымдары, оның ішінде | 64,6 | 64,7 |
| - заңды тұлғалардың | 65,0 | 65,4 |
| - жеке тұлғалардың | 63,1 | 62,4 |

Экономикадағы банк секторының ролі

| Қазақстан экономикасындағы банк секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы | 01.01.02 | 01.01.03 | 01.01.04 | 01.01.05 | 01.01.06 | 01.01.07 | 01.01.08 | 01.02.08 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖІӨ млрд.теңге[5] | 3 250,6 | 3 747,2 | 4 612,0 | 5 870,0 | 7 453 | 10 139,5 | 13 315,20 | 15 249,4 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Отношение активов к ВВП, % | 25,1 | 30,6 | 36,3 | 45,8 | 60,6 | 87,5 | 87,7 | 76,6 |
| Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, % | 15,9 | 19,1 | 23,6 | 30,9 | 41,1 | 59,1 | 66,6 | 58,0 |
| Есептелген меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, % | 3,8 | 4,3 | 5,1 | 5,9 | 7,9 | 11,5 | 13,4 | 11,7 |
| Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы | 15,0 | 18,6 | 21,1 | 27,4 | 33,9 | 46,5 | 48,2 | 42,3 |

[1] - -01.01.08 ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ деректері енгізілмей берілген;

[2] - «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ;

[4] - баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердің заемдар, факторинг, форфейтинг, қаржы лизинг бойынша берешегі кіреді (1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттары);заемдар бойынша мерзімі өткен сыйақы 1741, 1731, 1734 б/шоттарында көрсетілген

[7] - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008 жылға болжамдық деректері